

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Биология саласында іргелі және қолданбалы заманауи білімді меңгерген, ғылыми - өндірістік салалардағы кәсіби қызметке дайын биолог-мамандарды даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	6B05101-Биология
Білім беру саласы	6B05 жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика
Даярлау бағыты	6B051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар
Білім беру бағдарламасының тобы	B050 Биологиялық және сабақтас ғылымдар
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы 6B05 жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика мамандарды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті республикалық мемлекеттік мекемесі «04» тамыз 2020 ж. № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	№ _____ «____» _____ 2024 ж.
ҰБТ пәндері	1 Биология 2 Химия
ҰБШ бойынша деңгейі	Баклавриат, деңгей 6
Берілетін дәреже	6B05101-Биология білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану бакалавры
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ №AB5194 24.05.2024-23.05.2029 ж.
Білім беру бағдарламасының рейтингі	Атамекен: 2021 ж. – 18 – дің ішінен 8 орын; 2022 ж. – 17-тің ішінен 3 орын; APTA:
Жалпы академиялық кредит саны	240
Оқу мерзімі	4 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:

Тез өзгертін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.

Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Білім беру бағдарламасының өзектілігі. Біздің мемлекетіміз үшін ғылыми сала үшін жоғары білікті мамандардың қажеттілігі өте өзекті болып саналады. 6B05101 – Биология білім беру бағдарламасы ғылыми-биологиялық зерттеу бағыты бойынша мамандық түлегіне қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға жаңа көзқарасты ұсынады.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	1. Нийде Омер Халисдемир университеті (Түркия Республика) 2. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті 3. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті 4. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	1.«Биолог-зерттеуші» қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) бағыты бойынша қазіргі таңдағы отандық және әлемдік тәжірибені, авторлық және ұжымдық ғылыми жетістіктер мен мамандандыру аясындағы оқу-әдістемелік нұсқаулықтарды, жұмыс берушінің талаптары мен еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып болашақ биолог-зерттеуші мамандарды даярлауға бағытталған. Бағдарламаның мақсаты - коммуникативтік, ғылыми-зерттеу, басқарушылық, креативті және көшбасшылық қасиеттерге ие, биология ғылымдары саласында іргелі білімі бар жоғары білікті мамандар даярлау болып табылады.

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының БББ-мен сәйкестігі. Стенфорд Университеті -21%, Белорусс мемлекеттік университеті-52%,

М.В.Ломоносова атындағы ММУ - 52%, Синалоа автономды университеті – 36%, Окленд университеті - 52 %.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

6B05101-Биология мамандығы бойынша бакалаврлар келесі кәсіби қызмет түрлерін орындай алады:

- ғылыми-зерттеу: бейінді пәндер бойынша әртүрлі ғылыми және ғылыми-өндірістік мекемелерде зерттеулерді орындайды;
- әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік құрылымдарда өндірістік-басқарушылық қызмет атқарады;
- медициналық зертханаларда талдау жұмыстарын жүргізеді.

Осы БББ түлегі жұмысқа орналаса алатын ұйымдар:

- 1) ғылыми ұйымдар: биология, биотехнология саласындағы ғылыми, ғылыми-зерттеу орталықтары;
- 2) басқаруды ұйымдастыру: өз жұмысында биологиялық зерттеу әдістерін пайдаланатын мемлекеттік басқару органдары, әртүрлі меншік нысанындағы ұйымдар;
- 3) медициналық зертханалар.

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

Биология, биотехнология салаларындағы ғылыми-зерттеу орталықтарында қолданбалы және іргелі зерттеулер жасай алады; Микроорганизмдердің морфо-физиологиялық қасиеттерін анықтай алады. Әр түрлі субстраттан (су, ауа, топырақ, сүт өнімдері) микроорганизмдерді бөліп алады.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

Зертханалық жұмыс барысында физико-химиялық және химиялық әдістерді (центрифугалау, спектрофотомерлеу, хроматография, титрлеу, калибрлік кесте құру, ерітінділер дайындау, гелдер сүзгісінен өткізу) жүргізеді.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1- Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

ОН 2- Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

ОН 3- Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

ОН 4 – Биоалуантүрліліктің таралу заңдылықтарын, биосфераның қалпына келетін және қалпына келмейтін ресурстарын тиімді пайдаланудың негізгі бағыттарын біледі.

ОН 5 – Ботаникалық және зоологиялық объектілерді анықтау және далалық, зертханалық жағдайларда олармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.

ОН 6 – Жасушалық процестердің механизмдері мен құрылымдық-қызметтік ұлпалардың, ағзалар мен ағзалар жүйелерінің негіздерін біледі. Ұлпаларды микроскопиялық зерттеуге қабілетті.

ОН 7 – Биологиялық объектілерді бақылау, сипаттау, сәйкестендіру, жүйелеу әдістерін меңгереді;

ОН 8 – Тірі биологиялық объектілерді бағалаудың физиологиялық, анатомиялық, биохимиялық әдістерін меңгереді;

ОН 9 – Микробиология, молекулалық биология және генетика саласындағы әртүрлі көздерден алынған мәліметтерді саралайды және дәйектейді;

ОН 10 – Жаратылыстану бағытындағы ғылыми циклді пәндерден жинақталған іргелі білімнің негізінде қолданбалы міндеттерді шешеді.

БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1	+	+			+	+	+		+	+
ТА 2	+	+								
ТА 3				+	+	+	+	+	+	+
ТА 4			+							
ТА 5		+						+		+
ТА 6	+	+	+							

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) «Өсімдіктердің өсімін молайту» кәсіптік стандарты (Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының міндетін атқарушының 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 65 бұйрығына № 2 қосымша)